

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Салимов А.Б.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

**КУӘЛАНДЫРУДЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ПРОЦЕССУАЛДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Тергеулік куәландыру қылмыс іздерін сондай ақ қылмыстық іс үшін маңызды мән жайларды анықтау мақсатында жүргізіледі. Тексеруді арыз не хабар келіп түскен анықтау органының тергеушісі, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы не лауазымы жоғары қызметкер жүргізеді.

Тергеу куәландырудың мақсаты — іздер мен заттай дәлелдемелерді талдау арқылы қылмысты тіркеп, ашуға мүмкіншілік беретін дәлелдемелерді табу және бекіту [1].

Заттай дәлелдемелер — бұл тергеудегі оқиға туралы ақпаратты қамтитын материалдық дүниенің объектілері. Олардың мазмұны, табылу орны және басқа да белгілері қылмыстың жасалу мән-жайлары туралы мәлімет беруі мүмкін әдетте оларды қылмыстың “тілсіз куәгерлері” деп атайды. Қандай да болмасын қылмыстық істе заттай дәлелдемелер болады және олардың біреуі де алдын ала қараусыз іс материалдарына тіркелмейді. Тергеудің нәтижелері оның криминалистикалық жағынан сауатты жүргізілгеніне байланысты болады. Сондықтан криминалистер оқиға орнын және сонда табылған объектілерді қараудың аса маңыздылығына ерекше көңіл бөледі [2].

Куәландыру. Куәландырудың тактикалық әдістері мен этикалық негіздері.

Куәландырылушы тұлғаның денесінде табылған кез келген ізді, дақты, зат бөлшегін дәйекті түрде сипаттап, өлшеп, фотосуретке түсіру немесе суретін салу қажет. Қаралуға жататын объектінің ерекшелігі (адам денесі) мен денсаулыққа зиянды немесе қорлайтын әрекеттерге тыйым салатын заң нормалары іздерді және ерекше белгілерді анықтау мен бекітудің ғылыми-техникалық және тактикалық әдістерінің өз алдына ерекшелігін анықтайды.

Тергеу әрекетінің ерекше бір түрі — адамдарды куәландыру. Қылмыстық істерді тергеу үстінде кейбір жағдайларда сезікті адамның, айыпкердің не жәбірленушінің киімінде, денесінде әр түрлі дақ, ерекше белгілер, не іздер барлығын анықтау үшін оларды заңда көрсетілген тәртіпті сақтай отырып, куәландырып қарауға тура келеді.

Өзіндік міндеті бойынша және қарау үстінде қолданылатын тәсілдер бойынша куәландыру бірде тергеу әрекеті есебінде жүргізілсе, екінші жағдайда сот-сараптамасының бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі.

Куәландыру жүргізу туралы тергеуші сезікті, айыпталушы үшін міндетті болып табылатын қаулы шығарады.

Аталған істер бойынша куәландыру жәбірленушінің немесе сезіктінің денесінде немесе киімінде әртүрлі жарақаттар мен қанның іздері қалған жағдайда жүргізіледі.

Куәландырылғанда ең алдымен куәландырылатын тұлғаның киіміне қарау жүргізіледі, содан кейін денесінің ашық бөліктеріне қарау жүргізіледі.

Киімдегі жарақаттарға және қан дақтарына көңіл аударылады. Қан іздерін тырнақ астынан, шаш арасынан, құлақ ойыстарынан және т.б. бөліктерден іздеу керек.

Куәландырылатын тұлғаның жәбірленушімен контактіде болғанын сараптамалық жолмен анықтауға мүмкіндік беретін микрообъектілерді табуға да көңіл бөлу керек. Бұл микрообъектілерді табу үшін лабораториялық жағдайда, арнайы құралдарды пайдалана отырып, маманның көмегімен заттарға қайта тексеру жүргізуге болады. Бұлай тексеру жүргізу үшін және алда сараптамалық зерттеу жүргізу үшін киімдер мен заттар айналыстан алынады және жеке-жеке буып-түйіледі. Куәландыру барысында дененің, киімнің жалпы бөліктерін және табылған іздерді фотосуретке түсіріп отыруға болады. Фотосуреттер кесте ретінде хаттамаға қоса тіркеледі [3].

Тергеу әрекеті есебінде жүргізілген жағдайдан басқа, объектілерді қарау үстінде әдеттегідей пайдаланылатын әдістер қолданылады. Айтайық, адам куәландырылғанда, біріншіден, оның үстінде киген киімдері қаралады, олардың жалпы жағдайы, жыртылған жері, үзілген түймесі, дақ, таңба, тағы басқа да ерекше белгілердің бар жоғы анықталады. Киімін қарап болғаннан кейін, оның денесі қаралады. Киімге қарау жүргізуде астарына, қалталарына, тігістеріне және басқа да жерлеріне, яғни қанның сақталып қалатын жерлеріне көңіл аударылады. Бұл жағдайда маманның көмегін пайдаланған да дұрыс.

Егер куәландырылатын адамды мұндай қарау үстінде жалаңаштандыруға тура келсе, онда бұл тергеу әрекетіне басқа жыныстың адамдары қатыса алмайды. Сондықтан егер әйел адам жалаңаштандырылып қаралса, бұл тергеу әрекетін әйел тергеуші жүргізу керек те, ал еркек адам куәландырылса, еркек тергеуші өткізуі керек. Қалай болғанда да бұл тергеу әрекетін жүргізу үстінде куәландырушы адамның намысына тиетіндей, оны кемсітетіндей іс-әрекеттер жасалмай, жүргізілетін жұмыстардың бәрі моральдық нормаларға сай болуы тиіс.

Бұл тергеу әрекетін жүргізгенде негізінен куәландырылатын адамның үстінде бір ерекше белгілер, дақ және басқа іздердің болуы тексеріліп, қаралады. Мысалы, бір істі тергегенде жәбірленуші қылмыскердің сол жақ иығында қал, ал кеудесінде жүректің суреті тәрізді татуировка бар екені баяндалды.

Тергеудің бастапқы кезеңінде ұсталған сезікті адам бұл қылмысқа қатыспағанын және жәбірленушіні танымайтынын айтып жауап берді. Оны куәландыру үшін беліне дейін шешіндіргенде жәбірленушінің айтқанындай қылмыскердің иығында қал, кеудесінде татуировка бар екені анықталды.

Сонымен куәландырудың қорытындысы істі дер кезінде ашуға өте құнды дәлелдеме есебінде пайдаланылды.

Куәландыру сонымен қатар сот-медициналық сараптаманың бір ерекше түрі есебінде жүргізіледі. Сезіктінің, айыпкердің, не жәбірленушінің денесін қарағанда арнайы медициналық білім қолданылып, олардың денесінде бар жарақат тексеріліп, зерттелсе ондай куәландыру сараптамалық зерттеудің бір түрі болып саналады. Мұндай зерттеп қарау үстінде негізінен мына төмендегі сұрақтар анықталады:

а) куәландырған адамның денесінде, қай жерінде, қандай жарақаттар бар;

ә) жарақаттардың түрі, өлшемі, саны және олардың жалпы ауырлығының дәрежесі;

б) бұрын операция жасалған басқа куәландырушының денесінде оның белгісі бар ма?

Егер де жай қарау арқылы бұл сұрақтарды шешуге мүмкіндік болмай, оларды анықтауға медициналық зерттеулер қажет болған жағдайда сот-медициналық сараптама тағайындалады.

Куәландырылушының денесін зерттеудің негізгі әдістемесі – жай ғана бақылау, және “құрал” ретінде көру мүшелері қызмет етеді. Куәландыру кезінде криминалистикалық техниканы қолдану анағұрлым күшті әсер береді.

Куәландыру барысында табылған іздер мен ерекше белгілер хаттама толтыру, фотоға түсіру, дененің сызбасын сызу, көлемді көшірмелер дайындау жолдарымен бекітіледі. Іздер мен заттай дәлелдемелерді хаттамада дәйекті түрде сипаттап қана қоймай, оларды қылмыстық іс құжаттарына тіркеу үшін түпнұсқа күйінде алу керек.

Куәландыру тергеулік қараудың ерекше түрі болып табылады. Оның мақсаты айыпкердің, сезіктінің, куәгердің немесе жәбірленушінің денесіндегі қылмыс іздерін, жеке белгілерін, зақымдарын анықтау, мастық күйін және қылмыстық іс үшін маңызды басқа да мән-жайларды айқындау. Куәландыру денені мәжбүрлеп жалаңаштаумен байланысты болып, жеке тұлғаның құқықтарын белгілі бір деңгейде қозғайтын болғандықтан, заң куәландыратын тұлға үшін міндетті болатын арнайы қаулы шығаруды талап етеді.

Егер куәландыру толық жалаңаштауды талап етсе, куәгерлердің жынысы сол тұлғамен бірдей болуы керек. Тергеуші басқа жынысты тұлғаның жалаңаш денесін қарамайды, оның нұсқауы бойынша аталған қарауды куәгерлердің көзінше дәрігер жүргізеді.

Сонымен тергеулік куәландыру мынандай мәселелерді анықтайды:

- Куәландырушының денесінде ерекше белгілер бар ма, атап айтқанда қандай және қай жерінде;

- Оның денесінде қандай да бір зақымдалған жер бар ма және қай жерінде;

- Денедің немесе киімде оқиға орнынан ілесіп келген немесе алып келген куәландыруға қызмет ететін бөлшектер немесе басқа да заттар бар ма;

• Денеді немесе киімде оның кәсіби бұйымдарында және т.б. айғақ болатын куәландыру белгілері бар ма.

Тергеуші анықталған фактілерді дәрігер мен куәгерлердің сөздері бойынша хаттамаға енгізеді. (ҚР ҚІЖК-нің 227-бабы).

Куәландырудың барысында хаттама мен оның қосымшаларында куәландырылатын тұлғаның денесіндегі:

– қылмыстық әрекеттің барысында немесе сонымен байланысты жағдайларда алынған зақымдардың;

– ерекше белгілердің;

– қылмыстық іске қатысты мән-жайлар барысында куәландырылатын тұлға ұстаған объектілердің іздерінің болуы айқындалып, бекітіледі [4].

Бұл іздерге қан, топырақ, бояу, майлайтын заттар, ерін далабы, ұрық, шаш, мата талшықтары, микробөлшектер жатады.

Куәландыруға дайындық орындалатын міндетті анықтаудан (не нәрсеге назар аудару керектігін, нені және қай жерден табуға болатынын білуден), оны жүргізу уақыты мен орнын тандаудан, техникалық құралдар мен аталған әрекетке қатысушыларды (дәрігерді, куәгерлерді) дайындаудан тұрады.

Іздеу объектісі туралы деректер жауап алу, оқиға орнын, мәйітті, көлік құралдарын қарау барысында анықталады. Куәландыру уақытын тандағанда, оны кідірту куәландыруға жататын тұлғаның әдейі немесе абайсыз жасаған әрекеттерінің салдарынан дәлелдемелердің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін шұғыл тергеу әрекеті екенін ұмытпау қажет.

Куәландыру жүргізгені туралы хаттама толтырылады. Табылған барлық іздер мен ерекше белгілер адам денесінің сызба нұсқасында белгіленеді және олардың көлемін сипаттау арқылы бекітіледі. Куәландыру барысында суретке түсіру мен бейнежазба жасау куәландырылатын тұлғаның рұқсатымен ғана жүзеге асырылады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ищенко П.П. Специалист в следственных действиях. –М.: Юрид. лит. 1990. -157 с.
2. Гинзбург А.Я. Осмотр места происшествия, освидетельствование. Учебно-практическое пособие. –Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998. -114 с.
3. Еникеев М.И., Черных Э.А. Психология осмотра происшествия. Учебное пособие. – М., 1994. -94 с.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13 желтоқсан 1997 жыл.
5. Жәкішев Е. Криминалистік тактика: Оқу құралы. – Алматы. «Жеті Жарғы», 1997. -92 б.

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж. Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С. Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
Каримова М. Специфика судебной речи.....	
Карин А. Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
Кемелхан Д. Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
Қадырбаева Г., Нургазина Б. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
Қапар Д. Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
Қуатбекқызы Г. Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
Қырғызбаева А. Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
Мади Г. Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
Макрушин А.О. Тактика обыска и личного обыска.....	
Макрушин А.О. Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
Малакшинов Э.В. Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
Мухамедиев М.Н. Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
Мырзакулова М.Б. Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
Нариманов Ә.М. Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
Нургазина Б.Х. Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
Nurgaliyeva A. Memoir. Female crime and its prevention.....	
Нуржанова А.С. Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
Өрісбаева З.Т. Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
Райымбергенова К.Т. Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
Рахиева Ж.С. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
Рысқұл Н. Криминалистикалық фотография.....	
Сағынбаева Ә.Е. Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
Саламатов Ш. Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
Салимов А.Б. Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
Серікбаев А.М. Қор қордың зияндылығы.....	
Сулейменова А.С. Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
Тасбаев Ш. Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	